

Нұр-Сұлтан қаласы №67 гимназиясы

ЖАЛПЫРЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Хаттама №2

Күні: 17.09.2020ж
Уақыты: 14.00 – 1 – 4 сынып ата-аналары
16.00- 5 -11 сынып ата-аналары
Өткізілу түрі: онлайн ZOOM форматы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. “Қашықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады?
2. Кезекші сыныптарда санитарлық –профилактикалық шараларды сақтау

Тыңдалды:

1. Гимназия директоры Г. Абдраманова ата-аналарға 2020-2021 оқу жылындағы қашықтан оқыту жағдайында оқушылар мен ата-аналарға мектептің қолдауы, ұстаздардың оқушыларымен тығыз байланыс жасауы мақсатында . “Қашықтан оқыту кезінде балаға қалай көмектесуге болады? Атты тақырыпта жалпыреспубилкалық ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырды. биылғы жылы індетке қарсы қауіпсіздіктің алдын алу, балалардың денсаулығын сақтау мақсатында қашықтан оқыту жалғасып отыр. Егер ата-ана тарапынан қажеттілікке байланысты баланы мектептен оқыту туралы ұсынысы болса ата-ана өтінішімен 1-4 сыныптарда кезекші сыныптардың жұмыс жасап жатқанын айтып өтті. Республика бойынша қашықтан оқыту кезінде кедергілерді шешу мен мүмкіндіктердің қарастырылуы мектеп пен ата-ананың бірлескен ынтымағы баланың оқуына қолдау көрсетуді , білім сапасының, бағалаудың жүргізілуіне екі жақты көмектің маңызды екені белгілі. Үй жағдайында балаға қашықтан оқытуға ата-ана жағдай жасау мүмкіндігі болса, мектеп тарапынан элеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына компьютер, роутер жағынан көмек беру мәселесі шешіліп, таратылды. Қазіргі уақытта оқыту платформаларының бірнеше түрі дамыған, әрине соның ішінде оқушы, ата-ана, мұғалім үшін тиімді Microsoft Teams оқыту платформасын қолданып отырмыз. Мектептің барлық оқушыларына логин, пароль құрылып, қазіргі уақытта сабақтар осы платформамен тиімді жүргізіліп отыр. Кез келген уақытта оқушыларға мұғалімдер көмекке келе алады. Мектептің әкімшілігі 1-11 сыныптардың ата-аналарымен ватсап желісінде туындаған сұрақтар бойынша жауап беру арқылы мәселелерді шешуге көмек көрсетіп отырады. Егер оқушы денсаулығына байланысты, белгіліг себептерге байланысты сабаққа қатыса алмай жатса ата-ана дер кезінде сынып жетекшіге хабарласуы тиіс.
2. Кезекші сыныптарда санитарлық –профилактикалық шараларды сақтау

2020-2021 оқу жылында мектепте кезекші сыныптарда 1-4 сыныптардан 52 сынып оқып жатыр. Әр сыныпта 15 оқушыдан оқиды. Оқушы мектепке келгенде маскамен келуі, мектепке кірер алдында баланың дене қызу өлшемі өлшеніп, антисептикпен, тоннельден өту арқылы залалсыздандыру жүргізіледі. Сынып кабинеттерінде санитарлық талаптар жағдайы жасалған, үзіліс кезінде сынып кабинетін кварцтеу, ылғалды тазалық жұмыстары, балалардың жүретін жолдарында сақтандыру арақашықтық белгілері көрсетілген. бала денсаулығын сақтау мақсатында барлық сақтық шаралары жасалған. Кезекші мұғалімдер оқушылардың мектепке кіруі мен шығуын қадағалайды. Ата-аналар мектеп ауласы сыртынан әкеліп, алып кетеді.

Жиналыс барысында ата-аналардан қойылған сұрақтар: А. Стамкулова кәзіргі кезде барлық жүйеде қашықтықтан жүргізіліп жатқандықтан сабақ үстінде интернет жүйесі жылдамдығы төмендеп жатады, сабақтың жүргізілу барысында кедергілер кездеседі. Ғ. Үрметова мектептен берілген роутер сабақ өткеіп жатқанда ұзақ айналып қосылады, күтіп отырамыз. Ж. Ахметова мұғалімдер сабақты өткізу кезінде балалармен жақсыжұмыс жасайды, балаларға жеткізуге тырысып, оларға тапсырмаларды жеңілдетіп, кері байланысты жүргізіп отырады. Бірнеше сауалдарға Г. Абдраманова толық түсіндіріп жауаптар беріп, интернет жүйесінде кейде кедергілер туындаап жатқан жағдайда пән мұғалімдері сабақтың тақырыптары мен тапсырмаларды электронды күнделікке, сыныптың Microsoft Teams командасына жүктеп қояды, оны оқушы кез келген уақытта ашып, оқып, таныса алатынын түсіндіріп өтті. Жиналыс соңында берілген ақпараттардың маңыздылығы жайында ата-атаналар ризашылықтарын білдірді. Мектептің қамқоршылық кеңесі мүшелері Б. Еспаев кез келген сұрақтарға жауап беруге, қолдау көрсетуге мүмкіндіктердің барына тоқталды.

Қорытынды:

Қашықтан оқыту кезінде балаға көмектесуге ата-ана үй жағдайында оқу-тәрбие үдерісінде мектеп мұғалімдері, әлеуметтік жағдайына қарай отбасыларына мектеп әкімшілігі үнемі тығыз жұмыс жасау, қолдау көрсету жыл бойына жалғасады.

ТЖО: Г. Оналбаева

